

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
НҰР-МҰБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ
ИСЛАМ ІЛІМДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ
ИСЛАМТАНУ КАФЕДРАСЫ

«БЕКІТЕМІН»

Ректор Мұхаммед аш-Шаххат
әл-Жинди

« 29 » 03 2024ж.



**2024 жылы қабылданғандар үшін
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Білім беру саласының коды және классификациясы: 8D02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар

Дайындау бағытының коды және классификациясы: 8D022 Гуманитарлық ғылымдар

Бағдарлама атауы: 8D02201-Исламтану

Бағдарлама деңгейі: Докторантура 8 деңгей ҰБШ (Ұлттық біліктілік шеңбері)/СБШ (Салалық біліктілік шеңбері)/ББХСЖ (Білім берудің халықаралық стандарттық жіктелімі)

Берілетін дәреже: «8D02201-Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы


Кредиттердің жалпы көлемі: 180 академиялық сағат / 180 ECTS

Оқу мерзімі: 3 жыл




АЛМАТЫ, 2024

Білім беру бағдарламасын әзірлеу және сараптау бойынша жұмыс тобы

Әзірлеушілер:


Аты-жөні	Қызметі, дәрежесі	Қолы
Анарбаев Н.С.	PhD доктор, кафедра меңгерушісі	
Шайзан Б.	Магистр, аға оқытушы	
Мажиев Ғ.Ж.	ҚМДБ Аппарат жетекшісі (Жұмыс беруші өкілі)	
Шимтемир М.	Білім алушы	

Сарапшылар:

Аты-жөні	Қызметі, дәрежесі	Қолы
Махмет.М.	Магистр, академиялық мәселелер департаментінің директоры	
Мансұров Б.Б.	PhD доктор, ҚМДБ Уағыз-насихат бөлімінің меңгерушісі	
Раманкулов М. А.	Магистр, Батыс Қазақстан облысының дің істері басқармасының басшысы	
Әділбаева Ш.А.	PhD доктор, қауым. профессор, сапа менеджменті бөлімінің меңгерушісі	
Акимханов А.	PhD доктор, доцент, аға оқытушы	


Білім беру бағдарламасы исламтану кафедрасында әзірленіп, кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № 8 « 15 » 03 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі Н.С.Анарбаев 

Ислам ілімдері факультет кеңесінде талқыланып, мақұлданды.

Хаттама № 8 « 27 » 03 2024 ж.

Факультет деканы Юсуф Хиндауи 

Университеттің академиялық комитет кеңесімен келісілді.

Хаттама № 8 « 29 » 03 2024 ж.

Академиялық комитет кеңесі хатшысы М.А. Жолмағанбетова 

Университеттің Ғылыми кеңесі мәжілісінде бекітілді.

Хаттама № 9 « 29 » 03 2024 ж.

ИСЛАМТАНУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасының ерекшеліктері

«Исламтану» білім беру бағдарламасы заман талабына сай ғылымды меңгерген, исламтанулық мәдениеттің және діни сананың жоғары деңгейіне ие, исламтану саласында білікті мамандарды дайындауды қамтамасыз ете отырып, кәсіби тілде өндірістік міндеттерді қалыптастырып, заманауи технологияларды қолдана отырып олардың шешімін табуға бағыттайды. Бұл білім беру бағдарламасы бәсекеге қабілетті, заманауи талаптарға сай жоғары білімге ие мамандар корпусын қалыптастырып, докторанттар жалпы адамзатқа ортақ, рухани құндылықтардың қалыптасып, орнығуына және магистранттардың поликонфессионалды қоғамды құруға, ондағы тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтауға саналы түрде атсалысуына үлес қосуға негізделеді.

1. БАҒДАРЛАМА НЕГІЗДЕМЕСІ

«Исламтану» БББ бойынша PhD дәрежесін алған доктор ҚР ЖОО-дағы профессор оқытушылар құрамын толықтыратын, қоғамда діни-әлеуметтік жағдаяттарға пилоттық зерттеу жүргізе алатын, қоғамның діни сұранысына сай ғылыми бағыттағы діни, ислами әдебиеттер шығаруға, ғылыми жобаларға, зертеулерге қатысуға әлеуеті жететін, ғылыми зерттеу институттары мен орталықтарында белгілі бір қызметтерді атқаруға күзіретті болады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасы, мемлекеттік мекемелерде, жекеменшік оңалту, оқыту орталықтарында кәсіби қызметін жалғастыруға мүмкіндік алады. Бұлардан бөлек ЖОО-ғы дінтану, исламтану, теология мамандықтарында оқулықтар, оқу құралдары, монографиялар, оқу-әдістемелік құралдар, танымдық бағыттағы діни мазмұндағы еңбектер, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі ЖАК ұсынған журналдарда, сонымен қатар Scopus және WOS базасындағы журналдарға ғылыми мақалалар шығару күзіреттілігіне ие болады.

2. БАҒДАРЛАМА МАҚСАТЫ

«Исламтану» білім беру бағдарламасының мақсаты: ҚР ЖОО-дағы философия, шығыстану, дінтану, исламтану факультеттерінде лектор оқытушы, ғылыми зерттеу институттары мен орталықтарда ғылыми қызметтер атқарып, қоғамдағы өзекті діни тақырыптар аясында ғылыми еңбектер мен мақалалар жариялап, қоғам сұранысын қамтамасыз ету, іргерлі және қолданбалы ғылыми жобаларға қатысу.

Негізгі күзіреттіліктер (НҚ):

Бағдарлама бойынша бітіруші түлектер мынадай негізгі күзіреттіліктерді меңгеріп шығады:

- (НҚ1) Қазақстан Республикасының даму үлгісінің табысы факторларын түйіндеу үшін ғылыми-тарихи және философиялық білімдерін еркін интерпретациялау және жасампаз қолдану;
- (НҚ2) Исламтанулық ғылым мен зерттеу жолдарын тәжірибе жүзінде қолдануға;
- (НҚ3) Исламтану саласы бойынша конференцияларға, дөнгелек үстелдерге, лекция семинарларға өз бетінше баяндама дайындауға;
- (НҚ4) Оқу үдерісіне арналған оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдарды өз бетінше тағайындауға;
- (НҚ5) Қоғамдық-ақпараттық қызметтерді атқаруға;

- (НҚ6) Исламтану саласында кәсіби дәйектеу мен түрлі пікірлердің логикалық сараптамасын жасай алуға;
- (НҚ7) Жоғарғы оқу орындарындағы ғылыми жұмыстарға жетекшілік жасауға;
- (НҚ8) Қоғамдық-құқықтық нормалар мен түрлі діни және конфессионалды дәстүрлерге толеранттылыққа негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды дәлелдеу.
- (НҚ9) Қазақстан Республикасының политілдік және полимәдени социумында және халықаралық аренада қатынас мәселелерін шешу үшін тілдік және лингвомәдени білімдерін күзіретті қолдану;

Оқыту нәтижелері (ОН):

Аталмыш бағдарлама түлектері келесідей нәтижелерге қол жеткізе алады:

- (ОН1) Исламтанудың мәдениет пен өркениеттегі орнын, қазіргі кезеңдегі исламтанулық мәселелердің ерекшеліктері мен табиғатын ажырата алу; Исламтану пәндері бойынша оқыту барысында кәсіби білімді пайдалана білу;
- (ОН2) Әлемдік және қазақстандық исламтану саласында негізгі заманауи концепцияларына қатысты кәсіби білімді көрсете білу, негізгі авторлар, мәзһабтар мен бағыттар, олардың арасындағы айырмашылықтар, фикһ әрі ақида саласындағы пікірталастардың негізгі мазмұндары жайлы хабардар болу;
- (ОН3) Ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу барысында бой көрсететін және терең кәсіби білімді талап ететін мәселелерді жүйеге келтіру және шешу; Зерттеу жүргізудің қажетті әдістерін таңдай білу, бар әдістерді жетілдіріп, зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сай әдістерді интеграциялай білу; БАҚ, түрлі деңгейдегі мемлекеттік ұйымдарда, қоғамдық ұйымдарда дін жайлы материалдарды ұсыну, кеңес беру
- (ОН4) Жасалған жұмыс қорытындысын есеп, реферат, мақала ретінде тапсыру; Исламтану саласындағы ғылыми жобалардың жасақталуына, жүзеге асырылуына қатысу.

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

3.1 Модульдер сипаттамасы

Модуль атауы	Модульдың құрамдас бөліктерінің атауы	Қалыптастырылатын күзіреттіліктер	Оқыту әдістері
Ғылыми зерттеу	Академиялық хат	Пән диссертациялар мен (уәкілетті орган бекіткен ғылыми басылым, скопус декектер базасына енген) журналдарға арналған мақалаларды жазудың жаңа әдістерін игереді. Зерттеудің заманауи әдістерін қолдану, өз талдауын және қорытындыларын жүргізеді.	Дәрісте белсенді қарым-қатынас орнатып, бірлесе орындалатын зерттеу жұмыстарының жүзеге асырылуымен өткізіледі. Жұмыс нәтижесін уәкілетті орган бекіткен ғылыми басылым, скопус декектер базасына енген ғылыми басылымдарға жариялау жолдары қарастырылады.
	Ғылыми зерттеу әдістері	Жаңа және заманауи зерттеулерді қамтамасыз етуде теориясын игереді. Эмпирикалық талдау және бағалау жүргізуге және перспективалық бағыттарды әзірлеуге және мемлекеттік құқықтық саясатының басымдықтарын айқындауға мүмкіндік береді.	Пәнді оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары қолданылады (ғылыми ақпаратты өңдеу, белгілі жағдайларды қарастыру, бизнес-тренингтер) және де докторанттың

			кәсіби дағдысын қалыптастыру мақсатында оқудан тыс жұмыстар да жүргізіледі.
Мемлекет және дін	Исламда мемлекеттік басқару жүйесі	Білімгер қазіргі заманғы мемлекет басқару жүйелері мен ислам дініндегі мемлекетті басқаруға қатысты ұстанымдарын салыстыру арқылы зайырлы қоғамдағы діннің рөліне, орнына баға бере алады, түрлі діни-саяси ұранды ағымдарға діни-ғылыми негізде жауап беруге қабілетті болады. Дін мен мемлекет қатынасын зерттеу мен талдаудың әдістемелерін игереді. Осы салада қалыптасқан ұғымдар мен тұжырымдарды, көзқарастар мен идеяларды тұжырымдауға қабілетті болады.	Функционалдық-құрылымдық және жүйелі талдау тәрізді жалпы ғылыми тәсілдермен қатар кейстік және кросс-құқықтық сараптау сияқты жеке ғылыми әдістер қолданылады.
	Педагогикалық практика	Сабактан тыс жұмыс жүргізудің кәсіби және педагогикалық дағдыларын игереді. Қазіргі діни сенім мәселелерін; еліміздегі білім берудің тарихын, кезеңдері мен даму мәселелерін игереді.	Жоғары оқу орындарында дәріс беру, басқару және зерттеу қызметін табысты іске асыру мақсатында кешенді іс-шаралар ұйымдастырылады.
Қоғам және дін	Салыстырмалы фикһ / Усул қағидаларының әсері	Мазһабтар арасындағы фикһи мәселелерді салыстыра зерттеуге, пікір алшақтықтарына ғылыми талдау жасауға қабілетті болады. Мазһабтар арасындағы пікірлерге қатысты жазылған дереккөздерге исламтанулық талдау жасау арқылы, ақида, фикһ, ихсан ілімдеріне қатысты пайда болған зерттеулерге көз салу. Фикһ ғылымының қазіргі теориялық және практикалық проблемаларын салыстырмалы фикһтың әдіс-тәсілдерін қолдана отырып шешуге және фикһи мазһабтар әдістерінің айырмашлықтары мен ерекшеліктерін меңгереді. Усул қағидаларының әсері пәнінде усул ғылымы қағидаларының фикһи мәселелерге пәтуа беру әсерін зерттейді, бұл қағидалардың заманауи фикһи проблемаларды талдауда, тұжырымдамасын жасауда, шешімін шығаруда ол	Курсты оқытуда сипаттамалы талдау әдісі, структуралды талдау әдісі, салыстырмалы-тарихи талдау әдісі қолданылады.

		қағидаларды қолдануға қабілетті болады. Усуль қағидаларын зерттеу арқылы жалпы пәтуа беру метадологиясын білу, әрі қазіргі заманда туындап жатқан мәселелердің шариғи үкімін табуға, саралау мен зерттеуге қабілетті болу.	
Исламдық ой-сана	Исламдағы рационалды ой-сана	Ислам дінінің дүниетану мен даналықты зерттеудегі үлкен саласы мантиқ (логика) ілімінің ұстанымдары мен әдіс-тәсілдерін меңгереді. Заман тудырған түрлі күмәнді сұрақтардың рационалды жауабын беруге қабілетті болуды үйренеді. Ислам дінінің философиямен қатынасын және ортақ тақырыптарын зерттейді. Діни мәтіндерді түсіну жолында пайда болған әртүрлі философиялық топтардың ойлауына талдау жасауға қабілетті болады. Бұл пәнде ислам кең жайылған аймақтар тудырған мектептердің ерекшеліктері мен негізгі өзгешіліктерін оқытылады.	Пән зерттеушінің ойлау қабілетін жетілдіруге арналған, әрі бұл әрекетте исламдық, тарихи орны бар мектептер мен олардың догматтарын сараптау арқылы жүзеге асырады.
	Зерттеу практикасы	Зерттеу тәжірибесінде ізденушілер ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастырады. Ғылыми-зерттеу нәтижелерін мерзімдік басылымдарға жариялап, ғылыми жобаларға жетекшілік ете алады.	Докторанттардың ғылыми потенциалын көтеруді мақсат еткен іс-шаралар кешені ұйымдастырылады.
Тағлымда ма және ғылыми-зерттеу	Тағлымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	Тәжірибе алмасу арқылы қалыптасқан жүйені жетілдіруге, толықтыруға қабілетті болады. Докторлық диссертацияны орындау талаптарымен, кезеңдерімен танысып, жүзеге асыра алады.	Шетелдік және отандық кітапханаларда ғылыми ізденісті жүргізу кезеңдерінде уақытты тиімді пайдалануға, дереккөздерді қолдануды меңгеруге машықтандыруға бағытталған іс-шаралар кешені ұйымдастырылады.
Диссертацияны жазу және қорғау	Докторлық диссертацияны жазу және қорғау	Диссертацияны рәсімдеу талаптарын меңгереді. Ғылыми ізденісінің нәтижесін ұсынып, өз тұжырымдарын қорғай алу қабілетіне ие болады. Ғылыми ізденіс нәтижесін ұсынуға және қорғап шығуға дайындалады. Білім беру бағдарламасы барысында игерілген теориялық білім базасы бойынша негізгі мәселелерге қатысты сұрақтарға жауап бере алады. Білім беру бағдарламасы барысында игерілген теориялық білім базасы	Ғылыми ізденісті жүргізу кезеңдерінде уақытты тиімді пайдалануға, дереккөздерді қолдануды меңгеруге машықтандыруға бағытталған іс-шаралар кешені ұйымдастырылады.

		бойынша негізгі пәндерге қатысты сұрақтарға да жауап бере алады.	
--	--	--	--

3.2 Білім беру бағдарламасы нәтижелерінің негізгі құзіреттіліктермен сәйкестендірілу матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4
НҚ1	+	+		
НҚ2			+	+
НҚ3		+	+	
НҚ4			+	
НҚ5	+		+	
НҚ6			+	
НҚ7	+			
НҚ8		+		+

НҚ – негізгі құзіреттіліктер
ОН – оқыту нәтижелері

3.3 Білім беру бағдарламасының оқу жоспары

№	Пән атауы	Пән коды	Цикл және компонент	Қорытынды бақылау	Академиялық кредиттер саны	Оқыту нәтижелері
1 семестр						
1	Академиялық хат	АН 7201	БП/ЖК	емтихан	5	ОН3
2	Ғылыми зерттеу әдістері	GZA 7202	БП/ЖК	емтихан	5	ОН3 ОН4
3	Педагогикалық тәжірибе	PP 7203	БП/ЖК	есеп	5	ОН3 ОН4
4	Салыстырмалы фикһ/Усул қағидаларының әсері	SF 7204 / UQA 7204	БП/ТК	емтихан	5	ОН2 ОН1 ОН3 ОН4
5	Исламдағы рационалды ой-сана	IRO 7301	Беп/ЖК	емтихан	5	ОН2 ОН1
6	Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	TODGZZh	ДФЗЖ	есеп	5	ОН3 ОН4
Қорытынды					30	
2 семестр						
1	Педагогикалық тәжірибе	PP 7205	БП/ЖК	есеп	5	ОН3 ОН4
2	Исламдағы мемлекеттік басқару жүйесі	IMBZH 7106	БП/ЖК	емтихан	5	ОН1 ОН2

3	Зерттеу тәжірибесі	ZP 7207	БП/ЖК	есеп	10	ОН3 ОН4
4	Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	TODGZZh	ДҒЗЖ	есеп	10	ОН3 ОН4
Қорытынды					30	
3 семестр						
1	Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	TODGZZh	ДҒЗЖ	есеп	30	ОН3 ОН4
Қорытынды					30	
4 семестр						
1	Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	TODGZZh	ДҒЗЖ	есеп	30	ОН3 ОН4
Қорытынды					30	
5 семестр						
1	Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	TODGZZh	ДҒЗЖ	есеп	30	ОН4
Қорытынды					30	
6 семестр						
1	Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	TODGZZh	ДҒЗЖ	есеп	18	ОН3 ОН4
2	Докторлық диссертацияны жазу және қорғау	DDJQ	ҚА		12	ОН3 ОН4
Қорытынды					30	
Барлығы					180	